

Астана қаласы «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№ 4 хаттама

Өткізілген күні: 25.09.2024 жыл

Өткізілген уақыты: 13.00

Күн тәртібінде:

1. Мектептің ішкі Жарғысына қосымша Мектептің ішкі тәртіп ережелерін қамтамасыз ету және мектеп формасы мен сыртқы келбеті туралы ережені талқылау, бекіту.

Тыңдалды:

Байгазиев Р.Ф. мектеп директоры: Биылғы оқу жылында мектеп формасы сақтау бойынша кеңес құрылды. Осыған қосымша ретінде мектептің ішкі тәртіп ережелеріне, мектеп формасы, сырт келбетіне қойылатын талаптардың жобасы жасалынды. Бүгінгі мақсатымыз - осы ереженің әр бөлімін мұқият зерделен, талқылау және сіздердің ұсыныстарыңызды ескере отырып, ережені бекіту.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- ішкі тәртіп ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын сақтау;
- тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау;
- мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен кәдір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
- физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, бопсалау, талап ету, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.

САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:

- сабаққа кешікпеу;
- кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- мектепте болған уақытта жеке бас қауіпсіздігін сақтау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.
- оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

Сабақ үстінде:

- мұғалімнің сабақ жүргізуіне, басқа білім алушылардың білім алу құқығына кедергі келтірмеу;
- сабақ барысында ұялы телефонды мұғалімнің рұқсат еткен жағдайдан тыс уақытта пайдалануға тыйым салынады;
- рұқсатсыз фото, видеоға түсіру, аудио жазба жасап, әлеуметтік желіге рұқсатсыз жариялауға тыйым салынады. (ҚР заңнамасына сай әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартылады).

МҮЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұқыпты қарау. Бұзып, сындырған жағдай орын алса, орнына келтіру не шығынды өтеу;
- мектеп оқулығын жоғалтқан не бүлдірген (қолдану мүмкін болмаған) жағдайда қалпына келтіру не шығынның орнын өтеуге міндетті.

ІШКІ ТӘРТІП БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА:

- тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады;

- тәртіп бұзушылар мектепшілік есепке (БЖТ) алынады;
- тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда білім алушылар Профилактикалық кеңесте қаралады;
- қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі;
- қалалық есепке алынады.

МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес АТА-АНАЛАР мен өзге де заңды өкілдер:

- білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді;
- міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға;
- мектеп формасын сақтауға;
- балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1 тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОҚУШЫЛАР білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

3. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдеріне білім беру саласындағы заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда ескерту жасалады, бірнеше қайталанса, айыппұл салынады.

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңы

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті;

- **Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.**

- Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай қою қара көк түс үлгісінде талап етіледі.

- Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

- Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

ҰЛДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ

- пиджак
- жилет
- шалбар
- мерекелік жейде (ашық түсті)
- поло жейде немесе тенниска
- күнделікті жейде
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған қою қара көк түсті күрте/кардиган
- қысқы мезгілде: трикотажды жилет, водолазка

* ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс.

ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ

- пиджак
- жилет

- юбка
- шалбар
- классикалық жейде,
- поло жейде немесе тенниска.
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган
- қысқы мезгілде: трикотажды жилет, сарафан, водолазка

* қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс.

* қыздарға арналған юбка тізеден төмен болуы тиіс.

- Қыздар мен ұлдар үшін ұқыпты іскерлік шаш үлгісі қажет. Қыздардың ұзын шаштары жиналған немесе өрілген, ұлдардың шаштары қысқа, оқушы бейнесіне сай болуы тиіс.

- Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық формаға мыналар кіреді: спорттық костюм (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовкалар).

- Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында «Жұма күн - ұлттық күн» болып табылып, мүмкіндіктеріне қарай сол күні ұлттық нақыштағы камзол, бешпент кию ұсынылады.

Оқушыларға тыйым салынады:

- оқу сабақтарына мектеп формасынсыз келу;

- бетті жабатын киім атрибуттарын, элеуметтік бейресми жастар бірлестіктерінің символикасы бар аксессуарларды, сондай-ақ психоактивті заттар мен құқыққа қарсы мінез-құлықты, бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен аксессуарларды, зергерлік бұйымдарды пайдалану (сақиналар, үлкен сырғалар, алқалар, шынжырлар, кулондар, білезіктер, сәндік белдіктер), ашық түстер, жылтыр жіптер және назар аударатын экстравагантты бөлшектер тағуға;

- әртүрлі конфессиялардың діни киімдерінің элементтерін қосуға;

- мектепке экстравагантты шаштар, шаштары ашық табиғи емес реңктермен, жарқын маникюр мен макияжбен, пирсингпен келуге;

- спорттық аяқ киім (оның ішінде экстремалды спорт және ойын-сауық түрлеріне арналған), артқы жағы жоқ аяқ киім (флип-флоптар мен тәпішкелер), платформадағы жаппай аяқ киім; кешкі аяқ киім (садақтары, қауырсындары, үлкен ринстондары, жарқын кестелері, жылтыр маталары бар), биік өкшелі аяқ киім киюге (өкшенің рұқсат етілген биіктігі 5 см-ден аспайды).

Жауапкершілікке тартылуы:

- егер оқушы мектеп формасынсыз келген жағдайда, кезекші әкімшінің (мұғалімнің, сынып жетекшісінің) талабы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп түсініктеме жазуы тиіс;

- сынып жетекшісі ата-аналарға, яғни баласының мектепке мектеп формасында келуін қамтамасыз етуі туралы ескертумен хабарлайды. Келесі күні бала ата-анасынан осы ақпаратпен танысқаны туралы хабарлама әкеледі.

- осы Ережені орындау 1-11 сынып оқушылары үшін ағымдағы оқу жылында Қамқоршылық кеңес отырысы хаттамасымен және мектеп бұйрығымен бекітілген күннен бастап міндетті болып табылады.

Султанова А.У., қамқоршылық кеңес мүшесі: Мектеп ұжымының ұсынысымен толықтай келісемін. Оқушылардың сырт келбетіне, мектеп формасына қатысты талаптар нақтыланған.

Байназарова Г.Б., қамқоршылық кеңестің мүшесі: Мектеп формасына қойылатын талаптар анық жазылған, өлшемдері де нақтыланып көрсетілген. Оқушылардың құқықтарын шектемейді.

Шешім:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережелері бекітілсін.
2. Жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарға таныстырылсын.
3. Сынып сағатында оқушыларға таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мектеп бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енсін, осы талапқа сай ережені орындау міндетті болып саналсын.

Комиссия мүшелері:

У.А.Абдукадирова

Г.Б.Байназарова

А.У.Султанова

А.И.Темирбекова

Б.А.Рамазанова

Хатшы

Бикетова Н.Ш